

Қорықтық участкені қоспағанда, Жайық және Қиғаш өзендерінің барлық акваториясы шекараларында (Атырау облысы шегінде) Каспий теңізі солтүстік бөлігінің мемлекеттік қорық аймағының су көлігін пайдаланудың реттелмелі режимімен қоса қорғау аймағы мен экологиялық дәлізін белгілеу туралы

Күшін жойылды

Атырау облыстық әкімиятының 2008 жылғы 13 наурыздағы N 62 қаулысы. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2008 жылғы 21 сәуірде N 2526 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 27.03.2018 № 64 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 27.03.2018 № 64 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 175 "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңының 1, 10, 32, 73, және 81 баптарына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қантардағы N 212-ІІ Экологиялық Кодексінің 257 және 267 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27 бабына сәйкес биологиялық сан алуандықты сақтау ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды мекендейтін жануарлардың табиғи көші-қоны мен өсімдіктер таралуының табиғи жолдарын қорғау кемелер қатынасының өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің жай-күйіне жағымсыз әсерін азайтуы экологиялық жүйенің басқа да элементтері мен Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің мемлекеттік қорық аймағының арасындағы қеңістікке байланысты қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Преамбулаға өзгерістер енгізілді - Атырау облыстық әкімдігінің 2011.02.28 № 55; 2011.07.01 № 191 Қаулыларымен.

1. Қорықтық участкені қоспағанда, Жайық және Қиғаш өзендерінің барлық акваториясы бойынша (Атырау облысы шегінде) Каспий теңізі солтүстік бөлігінің мемлекеттік қорық аймағының (бұдан әрі - қорғалу аймағы) су көлігін пайдаланудың реттелмелі режимімен қоса қорғау аймағы мен экологиялық дәліздің шекаралар белгіленсін.

2. Қосымшаға сәйкес қорғау аймағында су көлігін пайдаланудың реттелмелі режимінің шарттары бекітілсін (келісім бойынша).

3. Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасына нысаналы мақсатының негіздемесіне сәйкес кеме иелеріне қорғау аймағында су қолігін пайдаланудың реттелмелі режимінің шарттарын анықтасын.

4. Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясына (келісім бойынша):

1) су қолігін пайдаланудың реттелмелі режимінің шарттарын сақтау бойынша міндеттемелерді қабылдаған жағдайда Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының ұсынысы бойынша қорғау аймағында кеме иелерімен кемелердің жүзу режимімен келісу;

2) алғынып тасталды;

Ескерту. 4 тармақта өзгерістер енгізілілді - Атырау облыстық әкімдігінің 2009.02.25 № 47; 2011.02.28 № 55; 2011.07.01 № 191 Қаулыларымен.

3) осы қаулының 2 тармағымен бекітілген Жайық және Қиғаш өзендері атырауларының қорықтық аймағы шекарларында қорғау аймағы су қолігін пайдаланудың реттелмелі режимінің шарттарын қолдану;

4) теңізде балықтардың қалыпты уылдырық шашу жүрісін және олардың шабақтарының ширауын қамтамасыз ету үшін жыл сайын 1 сәуірден бастап 15 шілдеге дейінгі кезенде Жайық пен Еділ өзендері сағасындағы аудандарда Еділ өзенінің жер беті атырауы қазақстандық бөлігінің теңізге қарай сұғына енген нұктесінен және Жайық өзенінің жер беті атырауы қазақстандық бөлігінің теңізге қарай сұғына енген нұктесінен 50 километр радиуста сондай-ақ 1994 жылы 1 қаңтардағы жағалау сыйығынан ені 15 километр белдеуде жоғарыда көрсетілген атыраулар бойындағы кеңістікте және одан шығысқа қарай Жем өзеніне дейінгі шекаралар арасында құрылыш және геофизикалық жұмыстар жүргізуге, ұнғымаларды синауға және кеменің жүзуіне тыйым салу.

Бұл ретте балық аулауды және оны тасымалдауды жүзеге асыратын кемелер қозғалысына, ғылыми-зерттеу жұмыстарына және бақылау-инспекциялық қызметке жол беріледі;

5) қорғау аймағында су қолігін пайдалану режимін сақтау, жүзеге асыру ұсынылсын.

5. Облыс әкімиятының 2004 жылғы 2 сәуірдегі N 83 "Каспий теңізі солтүстік бөлігінің қорық аймағында су қолігін тапсырыстық тәртібімен қоса қорғалу аймағын орнату туралы" қаулысының күші жойылсын деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.М. Тасыбаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Атырау облыстық әкімдігінің
2011.07.01 № 191 Қаулысымен.**

Қорғай аймағында су көлігін пайдаланудың реттелмелі режимінің ШАРТТАРЫ

Су көлігі бар кесіпорындар ұйымдар мемлекеттік мекемелер	Қорғай аймағында су көлігі қозғалысының рүқсат етілген мерзімдері	Қорғай аймағына рүқсат етілген су көлігінің түрлері	Қорғай аймағында қозғалтқыштың жұмыс жасау режимі мен рүқсат етілген қуаты
1 2	3	4	5
Кәсіптік балық аулаумен және басқа да су жануарларын өндірумен айналасатын занды және жеке тұлғалар	Қазақстан Республикасында балық аулау мен басқа да су жануарларын өндірудің Нормативтері мен Ережелері мен орнатылған мерзімге сәйкес	1) Стационарлы қозғалтқышы бар өздігінен жүретін кәсіпшілік және көліктік кемелердің барлық түрлері	Қозғалтқыш қуаты шектеусіз. Қозғалтқыштың жұмыс жасау режимі минутына 1000 айналымнан артық емес.
		2) Өздігінен жүрмейтін кәсіпшілік және көліктік кемелер	
		3) Аспалы қозғалтқышы бар қайықтар	Қозғалтқыштың қуаты 40 ат күшінен артық емес
		4) Қызметтік жүріп-тұру мақсатындағы аспалы қозғалтқышы бар қайықтар	Қозғалтқыштың қуаты 40 ат күшінен артық емес
2	Спорттық әуескөй балық аулаумен немесе аңшылықпен шұғылданатын занды және жеке тұлғалар	Белгіленген тиісті нормативтік-құқықтық актілердің мерзіміне сәйкес	Қозғалтқыштың қуаты 20 аткүшінен артық емес
1 2	3	4	5
		1) Стационарлы қозғалтқышы	Қозғалтқыштың қуаты шектеусіз

3	Табиғат қорғау құқық қорғау қадағалау органдары атқарушы биліктің аймақтық және жергілікті атқарушы органдары	Функционалдық міндеттемелермен қойылған міндеттемелерді алдын ала берілген және басқа да рұқсат ету құжаттарында көрсетілген мерзімде орындау кезінде	<p>бар арнайы мақсаттағы теніз және өзен кемелері</p> <p>2) Қызыметтік жүріп-тұру мақсатындағы аспалы қозғалтқышы бар қайықтар</p> <p>3) Арнайы мақсаттағы аспалы қозғалтқышы бар қайықтар</p> <p>4) Ауа тұғыры бар арнайы кемелер</p>	<p>Козғалтқыштың жұмыс жасау режимі минутына 1000 айналымнан артық емес</p> <p>Козғалтқыштың қуаты 75 ат күшінен артық емес Козғалтқыштың жұмыс жасау режимі минутына 1500 айналымнан артық емес</p> <p>Козғалтқыштың қуаты 250 ат күшінен артық емес Козғалтқыштың жұмыс жасау режимі минутына 1500 айналымнан артық емес</p> <p>Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясымен келісілген және ғылыми зерттеу жұмыстарының бағдарламасымен орнатылған мерзімде</p>
4	Бекітілген ғылыми бағдарламага сәйкес зерттеуді жүзеге асыратын ғылыми зерттеу мекемелері	Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясымен келісілген және ғылыми зерттеу жұмыстарының бағдарламасымен орнатылған мерзімде	<p>1) Ғылыми зерттеуді жүргізу үшін стационарлы қозғалтқышы бар арнайы кемелер</p> <p>2) Аспалы қозғалтқышы бар қайықтар</p>	<p>Козғалтқыштың қуаты шектеусіз.</p> <p>Козғалтқыштың жұмыс жасау режимі минутына 1000 айналымнан артық емес</p> <p>Козғалтқыш жұмыс жасау режимі 55 ат күшінен артық емес</p>
5	Су жолы арқылы жүкті тасымалдаумен айналысатын занды және жеке тұлғалар	Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясымен келісілген кесте бойынша және мерзімінде Жайық және Қығаш өзендерінде ірі тоннажды кемелердің кіріуіне рұқсат тек қана құндіз беріледі. Бағалы кәсіптік балықтардың уылдырық шашу кезеңінде кемелердің жүруіне қосымша шектеулер қойылады	<p>1) Стационарлы қозғалтқышы бар өздігінен жүретін кемелер: сүйрекшітер итергіштер көмекші кемелер</p> <p>2) Өздігінен жүрмейтін кемелер: жүзбелі крандар өзен және теніз баржалары</p>	<p>Козғалтқыштың қуаты шектеусіз</p> <p>Козғалтқыштың жұмыс жасау режимі минутына 1000 айналымнан артық емес</p>
1	2	3	4	5

			1) Стационарлы қозгалтқышы бар өздігінен жүретін кемелер: Сүйрегіштер итергіштер көмекші кемелер жеке құрамды тасымалдау Үшін жолаушылар кемесі	Қозгалтқыштың қуаты шектесіз Қозгалтқыштың жұмыс жасау режимі минутына 1000 айналымнан артық емес
6	Теңізден мұнай өндіру немесе барлау жұмыстарын жүзеге асыруши кәсіпорындар	Жайық-Каспий облысараптық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясымен келісілген кесте бойынша және мерзімінде Жайық және Қиғаш өзендерінде ірі тоннажды кемелердің кіріуіне рұқсат тек қана құндіз беріледі. Бағалы кәсіптік балықтардың уылдырық шашу кезеңінде кемелердің жүруіне қосымша шектеулер қойылады	2) Ауда тұғыры бар арнайы кемелер	Жайық-Каспий облысараптық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясымен келісім бойынша маршрут қозғалысы мен қозгалтқыш жұмысының режимі
			3) Өздігінен журмейтін кемелер: жұзбелі крандар өзен және теңіз баржалары	
			4) Аспалы қозгалтқышы бар кемелер	Қозгалтқыш қуаты 40 ат күшінен артық емес
7	Жайық Қиғаш өзендері мен Жайық-Каспий кеме жүретін арнада жағдайға байланысты қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындар	Кеме жүру кезеңінде	1) Кеме қатысуына қызмет көрсетуші стационарлы қозгалтқышы бар кемелер	Қозгалтқыштың қуаты шектесіз Қозгалтқыштың жұмыс жасау режимі минутына 1000 айналымнан артық емес
			2) Итергіштер	Қозгалтқыштың қуаты шектесіз. Қозгалтқыштың жұмыс жасау режимі минутына 1000 айналымнан артық емес
			3) Аспалы қозгалтқышы бар кемелер	Қозгалтқыш қуаты 40 ат күшінен артық емес
			1) Стационарлы қозгалтқышы	Қозгалтқыштың қуаты шектесіз. Қозгалтқыштың жұмыс

8	Жолаушы тасымалдау және туризм айналысатын заңды және жеке тұлғалар	Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясымен келісілген кесте бойынша және мерзімінде	б а р жолаушылар кемесі 2) Аспалы қозгалтқышы бар кемелер	жасау режимі минутына 1000 айналымнан артық емес Қозгалтқыш қуаты 40 ат күшінен артық емес
1	2	3	4	5
9	Мелиорациялау және жұмыстарымен айналасатын кәсіпорындар		1) Өздігінен жүретін кемелер: арнайы мақсаттағы және көмекші кемелер итергіштер 2) Өздігінен жүрмейтін кемелер: арнайы мақсаттағы жұзгіш крандар өзен және теңіз баржалары 3) Аспалы қозгалтқышы бар кемелер	Қозгалтқыштың қуаты шектесіз. Қозгалтқыштың жұмыс жасау режимі минутына 1000 айналымнан артық емес Қозгалтқыш қуаты 40 ат күшінен артық емес

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК